

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің Республикалық қатаң бақылаудағы психиатриялық ауруханасы" мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 шілде N 795

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің Республикалық қатаң бақылаудағы психиатриялық ауруханасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық ауруханасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеменің жарғысына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізсін және оның әділет органдарында қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 17 шілдедегі

N 795 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер**

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604

қаулысымен .

2. "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 P011715_ қаулысына:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

IV "Шығындар" бөлімінде:

5 "Денсаулық сақтау" функционалдық тобында:

3 "Мамандандырылған медициналық көмек" ішкі функциясында:

226 "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі" әкімшісі
б о й ы н ш а :

036 "Мамандандырылған медициналық көмек көрсету" бағдарламасында:

036-кіші бағдарламасында "Республикалық қатаң бақылаудағы психиатриялық аурухана" деген сөздер "Республикалық жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық аурухана" деген сөздермен ауыстырылсын.

3 . < * >

*Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1117
қаулысымен .*

4. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 143 қаулысына :

көрсетілген қаулыға 19-қосымшада:

6-тармақтың 036-бағдарлама 036-кіші бағдарламасының 4, 5, 7-бағандарында "қатаң бақылаудағы" деген сөздер алынып тасталып, "республикалық" деген сөзден кейін " жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі" деген сөздермен толықтырылсын.